

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 29 шілде N 941. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.23. N 873 қаулысымен. ~P970873

"Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 U962895_ Жарлығын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 12, 86-бап) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы туралы Ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 наурыздағы N 217 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 8, 99-бап);

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер- Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 29 шілдедегі
N 941 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі -
Ғылым академиясы туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы (бұдан әрі - Ғылыммині - Ғылым академиясы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамындағы ғылым және техника саласында, сондай-ақ аэроғарыш қызметі, атом энергиясын пайдалану мен Қазақстан Республикасының ядролық қаруды таратпау режимін қамтамасыз ету саласын басқаратын орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Ғылыммині - Ғылым академиясы іргелі және қолданбалы зерттеулер, жоғары білікті ғылыми кадрлар даярлау, еліміздің ғылыми-технологиялық саласының инфрақұрылымын жасау жөніндегі жоғары ғылыми үйлестіру және әдістемелік орган. Ол мемлекеттік тапсырыс беруші ретінде конкурстар мен мақсаттық бағдарламалық әдіс негізінде, міндетті мемлекеттік сараптама жүргізе отырып, іргелі зерттеулер бағдарламаларын, республикалық нысаналы, аймақтық, салааралық, салалық ізденістер және басқа да ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық даму басымдықтарына сәйкес мемлекеттік қаржыландыруды жүзеге асырады.

3. Ғылыммині - Ғылым академиясы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заң актілерін Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Ғылыммині - Ғылым академиясы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген әрі қазақ және орыс тілдерінде өз атауы жазылған мөрі болады.

II. Ғылыммині - Ғылым академиясының негізгі міндеттері мен функциялары

5. Ғылыммині - Ғылым академиясының негізгі міндеттері: мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысу, оның ішінде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының құрамдас бөлігі ретінде ғылыми-технологиялық саланы басқарудың барлық субъектілерінің қызметіне басшылық жасау;

республикада ғылым мен техниканың дамуын болжау және қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттарын айқындау, республиканың

және агроөнеркәсіптік кешендер, ғылыми зерттеу, жобалау-конструкторлық және басқа да бағдарламалар мен жобалар орындаушы ұйымдар жүргізетін ғылыми, конструкторлық және технологиялық жұмыстарды үйлестіреді;

ғылым мен техниканың дамуы мәселелері жөнінде министрліктер, мемлекеттік комитеттер, өзге атқару органдары мен ұйымдарға ғылыми-әдістемелік көмек көрсетеді;

ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобаларды бірлесіп жүргізуді қамтамасыз етеді, ғылыми ұйымдардың бюджеттен бөлінген және бюджеттен тыс қаражатты дұрыс пайдалануына бақылау жасайды;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани даму стратегиясын әзірлеу мен оны ғылыми негіздеуге белсене араласады;

ғылым мен жаңа технологиялар саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

мемлекеттік басқару органдарын ақпараттандыру бағдарламалары мен жобаларын келіседі;

ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекеттік жүйесін жетілдіреді, ғылыми-техникалық салада ұлттық ақпарат ресурсын, оның ішінде Республикалық патент қорын қалыптастырады;

ғылыми-техникалық сала үшін жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастырады және жүргізеді;

республиканың ғылыми-техникалық проблемаларын шешу мақсатында "Байқоңыр" ғарыш айлағының, Семей ядролық сынақ полигонының объектілерін және басқа ғылыми-техникалық кешендерді тиімді пайдалану жөнінде тиісті шаралар әзірлеуді, оны жүзеге асыруды үйлестіреді;

ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттайды, ғылыми еңбектерді басын шығаруды қолдайды, халықаралық және республикалық съездер, сессиялар, конференциялар, симпозиумдар, семинарлар, мәжілістер, көрмелер өткізеді;

ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды өнертапқыштық және патенттік-лицензиялық жұмыстарды ұйымдастырады және жетілдіреді;

ғылым мен техниканы дамытуға аса зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандарға, сондай-ақ дарынды жас ғалымдарға мемлекеттік қолдау көрсету жөнінде ұсыныстар дайындайды;

ұлттық ғылыми орталықтардың, ғылыми және басқа да ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметін басқарады;

заң актілерінде белгіленген шамада, өз қызметінің мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларына және мүліктің мақсатына сәйкес ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың мемлекеттік мүлкін иелену және

пайдалану құқығын жүзеге асырады.

7. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі, Атом энергиясы жөніндегі агенттік өз функцияларын өз құзыреті шегінде, осы Ережені және агенттіктер туралы ережелерді басшылыққа ала отырып, Ғылыммині - Ғылым академиясымен келісе отырып орындайды.

8. Ғылыммині - Ғылым академиясына ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми-зерттеу институттары, орталықтары, обсерваториялар, ботаникалық бақтар зерттеу экспедициялары мен станциялары, конструкторлық-технологиялық ұйымдар, тәжірибе станциялары мен өндірістері, баспаханалар, кітапханалар, архивтер, мұражайлар, ғылыми-көмекші кәсіпорындар мен басқа да ұйымдар, сондай-ақ қызметкерлердің еңбек етуіне, тұрмысы мен демалуына қажетті жағдайлар жасайтын әлеуметтік сала мекемелері ведомстволық бағыныста болады.

9. Ғылыммині - Ғылым академиясы белгіленген тәртіппен білім салалары бойынша ғылыми бөлімдер, ғылыми және ғылыми-техникалық орталықтар мен басқа да ғылыми және ғылыми-көмекші бөлімшелер құрады.

10. Қазақстан Республикасы Ғылыммині - Ғылым академиясының бөлімшесі (бұдан әрі - Бөлімше) институттар мен басқа да ғылыми ұйымдардың қызметін үйлестіретін Ғылыммині - Ғылым академиясының толық мүшелерін (академиктер), корреспондент мүшелерін және жетекші ғалымдарын бейініне қарай біріктіретін ғылыми ұйымдастырушы орган болып табылады.

11. Аймақтық ғылыми бөлімшелер, ұлттық ғылыми орталықтар, ғылыми орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттары және Ғылыммині - Ғылым академиясының белгіленген тәртіппен құрылған басқа да ұйымдарының заңды тұлғаға тән құқықтары бар.

III. Ғылыммині - Ғылым академиясының құқықтары

12. Алдына қойылған міндеттер мен жүктелген функцияларды орындау үшін Ғылыммині - Ғылым академиясына мынадай құқықтар беріледі:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне ғылыми-техникалық саясатты іске асыру, ғылыми-технологиялық саладағы қаржыландыру көлемі және оны пайдалану бағыттар жөнінде ұсыныстар енгізу;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз құзыреті шегінде ғылыми-техникалық саланың барлық ұйымдары міндетті түрде орындауға жататын жетекші және нормативтік актілер шығару;

Ғылыммині - Ғылым академиясының құзыретіне кіретін мәселелерді шешу үшін қажетті ақпаратты тиісті министрліктерден, мемлекеттік комитеттер мен

ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысандарына қарамастан, өзге де орталық атқарушы органдардан, ғылыми ұйымдардан белгіленген тәртіппен с ұ р а т у ж ә н е а л у ;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми мекемелерді құру, тарату, қайта құру жөнінде ұ с ы ы с т а р е н г і з у ;

ұлттық ғылыми орталықтардың, Ғылыммині - Ғылым академиясының денсаулық сақтау, жоғары мектептің бөлімшелері, ғылыми ұйымдары және салалық институттар жүргізетін ғылыми-техникалық бағдарламалардың орындалуы туралы, сондай-ақ жоспарланып отырған жылға және болашаққа жасалған ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша тапсырмалар мен көрсеткіштер туралы есептерін тыңдау, соларға орай бас ұйымдар мен ғылыми-жетекшілер бекіту;

ғылыми-техникалық бағдарламалардың орындалу барысын кешенді түрде тексеру, ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан ғылыми-техникалық бағдарламалармен жобаларды іске асыруға қатысушы ғалымдар мен әзірлеушілер ұжымдарының бюджеттік және бюджеттен тыс қаражатты мақсатты пайдалануына бақылау жасау;

ғылыми-технологиялық саладағы жекешелендіру жөнінде ұсыныстар енгізу; жобаларды, ұлттық бағдарламаларды ғылыми-техникалық жағынан, сондай-ақ министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдар мен ұйымдардың тапсырысы бойынша жүргізіліп жатқан ғылыми-технологиялық қызмет саласындағы жобалар мен ұсыныстарды мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан өткізуді ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруымен Ғылыммині - Ғылым академиясының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша халықаралық деңгейде мемлекет мүддесін білдіру;

ғылыми-техникалық салада шет мемлекеттермен және ұйымдармен келісімдер, шарттар жасауға және әзірлеуге қатысу;

конкурстық таңдаудан өткен қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды ғылымға бөлінетін қаражаттың бір бөлігінің есебінен қайтарымды негізде қаржыландыру;

еліміздің әлеуметтік-экономикалық құрылымдарын ақпараттандыру саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды ү й л е с т і р у ;

еліміздің кітапхана қорлары мен ғылыми-техникалық ақпарат органдарын отандық және шетелдік ақпарат көздерімен жасақтауды үйлестіру;

ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан белгіленген тәртіппен ұйымдардың өкілдерін Ғылыммині - Ғылым академиясы құрған

сараптама комиссияларының, жұмыс топтары мен уақытша шығармашылық ұжымдардың жұмысына тарту;

республиканың атқарушы органдары мен ұйымдарының басшылары мен мамандарын тарта отырып, белгіленген тәртіппен өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мәжілістер өткізу;

аса зор ғылыми жетістіктер үшін ғалымдарға заңдарда белгіленген тәртіппен Ғылыммині - Ғылым академиясының сыйлықтары мен стипендияларын тағайындау.

ІҮ. Ғылыммині - Ғылым академиясының қызметін ұйымдастыру

13. Ғылыммині - Ғылым академиясын Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті басқарады, оны "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығы шыққанға дейінгі Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы толық мүшелерінің келісімімен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің орынбасарларын Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі лауазымға тағайындайды.

Ғылым министрінің бірінші орынбасары - Ғылым академиясының вице-президенті лауазымға академияның толық мүшелерінің (академиктердің) пікірін ескере отырып ұсынылады.

14. Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің жанынан алқа құрылады, оның сандық құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Алқаның жеке құрамын Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті Ғылыммині - Ғылым академиясының құрылымдық бөлімше басшыларының ғылыми бөлімшелердің хатшы-академиктерінің, Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанындағы Ұлттық аэроғарыш агенттігі мен Атом энергиясы жөніндегі агенттігі басшыларының есебінен бекітеді. Алқа мүшелерінің үштен бірін Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті 1996 жылғы 11 наурызға дейінгі Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы мен қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының толық мүшелерінен іріктейді. Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті мен оның орынбасарлары лауазымдары бойынша алқа мүшелері болады.

15. Алқа консультативтік кеңесші орган болып табылады, ол күнделікті қызметтің негізгі мәселелерін, маңызды жергілікті актілердің жобаларын, республикадағы ғылыми-техникалық қызметтің даму болашағы мен оның тиімділігін қамтамасыз ету шараларын қарайды, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылайды. Алқа туралы ережені Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті бекітеді.

16. Ғылыммині - Ғылым академиясының жанынан Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті басқаратын Жоғары ғылыми-техникалық кеңес құрылады. Кеңестің құрамы ғылыми көпшіліктің пікірлерін ескере отырып, ғылымның әртүрлі саласының жетекші ғалымдары мен мамандарынан, сондай-ақ Ғылыммині - Ғылым академиясының жауапты қызметкерлерінен қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

Жоғары ғылыми-техникалық кеңес туралы ереже мен оның құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

17. Ғылыммині - Ғылым академиясының жанында Мемлекеттік бас ғылыми-техникалық сараптама (МБҒТС) жұмыс істейді. МБҒТС туралы ережені Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті бекітеді.

18. Ғылыммині - Ғылым академиясы Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының құқықтық мұрагері ретінде осы академиялардың толық мүшелерін (академиктерді), корреспондент-мүшелерін, шетелдік және құрметті мүшелерін б і р і к т і р е д і .

Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының толық мүшелерін шетелдік және құрметті мүшелерін бұдан былайғы сайлау Қазақстан Республикасының Ғылыммині - Ғылым академиясы бекітетін тиісті Ереже негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

19. Академияның толық мүшелері (академиктер), корреспондент-мүшелері мен жетекші ғалымдардың жалпы жиналысы:

Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың маңызды мәселелерін талқылайды, жаратылыстану, техника, аграрлық және гуманитарлық ғылымдар, саласындағы іргелі зерттеулердің негізгі бағыттары мен басымдықтарын белгілеп , олар жөнінде ұсыныс шешімдер қабылдайды;

Академиктерді сайлау жөніндегі Ережеге сәйкес академиктерді сайлайды;

Қазақстан Республикасы Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті бекіткен Жалпы жиналыс туралы Ережеге сәйкес басқа да мә с е л е л е р д і қ а р а й д ы .

20. Ғылым академиясы толық мүшесінің (академиктің) басты міндеті ғылымды жаңа жетістіктермен жаңалық ашулармен байыта түсу, бірінші дәрежелі ғылыми маңызы бар зерттеулерді іске асыру, ғылыми зерттеулердің

дамуын жеделдету, оның ауқымдылығы мен жоғары деңгейде болуына жауапкершілікте болу, өзі сайланған бағытта ғылыми кадрлар әзірлеу мен ғылыми мектептерді қалыптастыруға тікелей қатысу болып табылады.

21. Ғылым академиясының толық мүшелері (академиктер):

академияның толық мүшелерін (академиктерді), шетелдік және құрметті мүшелерін сайлайды;

"Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығының 2-тармағына сәйкес Ғылым министрі - Ғылым академиясының президентін тағайындауға өздерінің келісімдерін береді;

Ғылыммині - Ғылым академиясының және Ғылыммині - Ғылым академиясы жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық кеңестің алқа мүшелерінің құрамына академия толық мүшелерінің кандидатураларын ұсынады;

Ғылым академиясының толық мүшелері туралы ережеге сәйкес басқа да функцияларды атқарады.

22. Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті:

Ғылыммині - Ғылым академиясына жүктелген міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне орталық аппаратының құрылымы жөнінде ұсыныстар енгізеді. Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен адам саны мен еңбекақы қоры шегінде орталық аппараттың штаттық кестесін бекітеді; өз орынбасарларының арасында міндеттер бөледі;

ғылыми-техникалық саладағы халықаралық келісімдерге белгіленген тәртіппен қол қояды;

Ғылыммині - Ғылым академиясының қызметкерлерін, сондай-ақ ведомстволық бағынысындағы ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

Ғылыммині - Ғылым академиясын ұстауға бюджеттен бөлінген қаражаттың, сондай-ақ бюджеттен тыс тиісті қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

Ғылыммині - Ғылым академиясының жұмыс регламентін, біліктілік лауазымдық талаптарды, сондай-ақ Ғылыммині - Ғылым академиясының құрылымдық бөлімшелері туралы ережелер мен ведомстволық бағынысындағы ұйымдардың құрылтайшы құжаттарын бекітеді.

ЕСКЕРТУ. 22-тармақтан абзац алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.12.28.

N 1668 қаулысымен. P961668_

23. Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті Ғылыммині -

24. Ғылыммині - Ғылым академиясын ұстау республикалық бюджет есебінен
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК